

7 сабақ тапсырмалары.

№1. ABCD тік төртбұрышының ауданы 22 см^2 . Оның ұзындығы 9 см. Берілген тік төртбұрыштың енін тауып, оны периодты ондық бөлшек түрінде жазыңыз.

№2. Жаяу адам 25 км жолды 6 сағатта жүрді. Жаяу адамның жылдамдығын периодты ондық бөлшек түрінде жазыңыз.

№3. Жылдамдықтары м/с есебімен периодты ондық бөлшек түрінде жазыңыз:

13,6 км/сағ; 23,7 км/сағ; 43,1 км/сағ; 57,3 км/сағ; 73,7 км/сағ

№4. Таза периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырыңыз:

1) 0,(19); 2) 0,(369).

№5. Аралас периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырыңыз:

1) 0,17(8); 2) 0,23(16).

№6. Жай бөлшек түрінде жазыңыз:

1) 8,(16); 2) 3,(2).

№7. Рационал сандарды периодты ондық бөлшек түрінде жазыңыз. Таза периодты ондық бөлшектерді бір жолға, аралас периодты бөлшектерді екінші жолға жазыңыз:

$-\frac{7}{9}$; $\frac{4}{15}$; $\frac{2}{33}$; $-\frac{1}{22}$; $-\frac{5}{27}$; $\frac{1}{12}$

№8. Аралас периодты ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдырыңыз:

1) 5,14(33); 2) 0,11(35).

№9. Өрнектің әрбір компонентін жай бөлшек түрінде жазып, өрнектің мәнін табыңыз:

1) $7,(4) - 3,(1)$; 2) $9,(4) + 4,(5)$.

№10. Өрнектің мәнін табыңыз:

1) $6,(24) - \frac{5}{33}$; 2) $2,(8) + 1\frac{2}{3}$.

№11. Өрнектің мәнін табыңыз:

1) $2,3(72) - \frac{41}{110}$; 2) $4,23(6) + \frac{29}{300}$.